Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

14.05.2018 жылғы № 31177

"ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ

2015 жылы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 14.05.2018 жылғы анықталған бұзушылықтарды 140440014725, "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Қарсылықты қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламадағы көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, хабарлама орындалды болып есептеледі.

Мемлекеттік аудит объектісі бұзушылықтарды жою туралы мәліметті, веб-портал арқылы камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 6-қосымшасына сәйкес хабарламаны ұсынған уәкілетті органға жолдайды.

Қағиданың 11 тармағына сәйкес, егер мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарлама веб-портал арқылы жеткізілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

Егер қажет болған жағдайда қарсылыққа негіз ретінде растайтын құжаттардың көшірмелері қарсылыққа қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

руководитель
Калиев Ганижан Пиртазаевич

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтарды жою туралы
хабарламаға қосымша

Менімен, Сотрудник "ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ Калиев Женис Булатович «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес, шағымдар негізінде, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Хабарламаның №: 2344132-1 ««Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» Лоттың № 16722375-ОК1 Работы по ремонту автомобильной дороги камералдық бақылау жүргізілді.
Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (тар) анықталды:
1. Камералдық бақылау жүргізу және әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің 24.04.2018 жылғы №12184 электронды шағымын қарау барысында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2344132-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» жұмысын 115 766 783 теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша келесі бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы. Заңның 21 бабы 2 тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс. Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Заңныі 9 бабы 5 тармағына сәйкес, айналысуы үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады. Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін

растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделмейді. Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді. Осы Заңның 6-бабын бұзған әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді. Заңның 27 бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімде жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау салу жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады. Қағиданың 5-қосымшасы (біліктілік туралы мәлімет) ескертпесінің 1 тармағына сәйкес, осы қосымшаның 3 және 4-тармақтарының талаптары құрылыс (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады. Электрондық конкурс бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімі 21.02.2018 – 11.03.2018 жылдар аралығы. Ал, толықтырылған өтінімдерді қабылдау

мерзімі 27.03.2018 – 30.03.2018 жылдар аралығы. 27.03.2018 жылғы №2077601 санды алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-не келесі ескертпелер жасалынған: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді». 18.04.2018 жылғы №2154881 санды қорытындылар хаттамасында «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС келесі негіздемелер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмеген: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің 13.04.2018 жылғы №22 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген, әлеуетті өнім беруші «Стандарт ойл КЗО» ЖШС-нің біліктілік талаптары туралы №5-қосымшасында көрсетілген «Строй модуль-Астана» ЖШС-гі мен «Стандарт ойл КЗО» ЖШС-гі арасындағы 19.01.2018 жылғы №7 «Катки дорожные самоходные гладкие 2Yj6x8» техникасын жалға алу туралы келісім-шарты жасалмағаны анықталды, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Стандарт ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Дегенмен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2344132-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімі бойынша негізсіз шешім қабылданғандығы анықталды. Атап айтқанда: 1) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімі қорытынды хаттамада алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілмеген негіздер бойынша конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілген; 2) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС конкурстық өтінімінде электрондық конкурстың талабына сәйкес II категориялы Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензиясын ұсынғандықтан, Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес материалдық және еңбек ресурстарына ие деп танылуға тиіс; 3) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС конкурстық өтінімінде «Строй Модуль-Астана» ЖШС-нен жалға алынған (19.01.2018 жылғы №7 шарт) техникаларды 04.03.2018 жылы веб-порталға салғанымен, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Строй Модуль-Астана» ЖШС-не 19.01.2018 жылғы №7 шарттың жасалғандығын растау бойынша сұранымды 05.04.2018 жылы жіберген. Ұйымдастырушының аталған әрекеті мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына қайшы келеді. Себебі, Заңның 27 бабы 5 тармағында конкурстық комиссия сұрау салуды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде жүзеге асыратындығы көрсетілген. Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС конкурстық өтінімін жұмыс тәжірибесі бойынша сәйкестендіруге келтіргендіктен, конкурстық комиссия сәйкестікке келтірілген құжаттар (жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар) бойынша сұрау жіберуге құқылы. Яғни, ұйымдастырушының 05.04.2018 жылғы №159 санды сұрау хаты негізсіз жіберілген болып табылады; 4) Ұйымдастырушымен, 19.01.2018 жылғы №7 техникаларды жалға алу шартының жасалмағандығын растайтын «Строй Модуль-Астана» ЖШС-нің 13.04.2018 жылғы №22 санды хатында заңды тұлғаның мөрі болмасада, Қазақстан Ресбуликасының мемлекеттік сатып алу веб-порталына салынып, әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімін қабылдамауға негізге алған; 5) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің шағымының қосымшасында келесі хаттар ұсынылған: «Строй Модуль-Астана» ЖШС-не 20.04.2018 жылы жазылған №47-18

санды хат және «Строй Модуль-Астана» ЖШС-нің 23.04.2018 жылғы №23 санды жауап хаты. Аталған жауап хатта «Строй Модуль-Астана» ЖШС 19.01.2018 жылғы №7 техникаларды жалға алу шартының жасалғандығын растайтынын және электрондық конкурстың комиссия мүшелеріне 12.04.2018 жылы №21 хатпен шарттың жасалғандығын растайтыны жөнінде хат берілгендігін көрсеткен. Осыған байланысты, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2344132-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.
Камералдық бақылау нәтижелері бойынша, келесі тәуекел бейіндеріне жататын бұзушылықтар анықталған:

№5 - тәуекел бейіні

Жоғарыдағылардың негізінде, анықталған бұзушылықтар қағиданың 2-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

14.05.2018 года № 31177

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области
Комитета внутреннего государственного аудита МФ РК"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее – Закон) уведомляет 140440014725, ГУ "Управление государственных закупок Кызылординской области" о нарушениях, выявленных 14.05.2018 года.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля (далее – уведомление) в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Уведомление признается исполненным в случаях устранения нарушений, указанных в уведомлении с учетом результатов рассмотрения возражений.

Информация об устранении нарушений (при необходимости подтверждающие документы) представляются объектом государственного аудита посредством веб-портала в уполномоченный орган, направивший уведомление согласно приложению 6 к Правилам проведения камерального контроля (далее – Правила).

В соответствии с пунктом 12 Правил, в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении, объект государственного аудита вправе в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем его доставки посредством веб-портала направить уполномоченному органу возражение согласно приложению 4 к настоящим Правилам.

При необходимости к возражению могут быть приложены копии документов, подтверждающих доводы возражения.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

руководитель
Калиев Ганижан Пиртазаевич

Приложение
к уведомлению об устранении нарушений,
выявленных по результатам камерального
контроля

Мной, Сотрудник РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области Комитета внутреннего государственного аудита МФ РК" Калиев Женис Булатович в соответствии со статьей 30 Закона Республики Казахстан от 12.11.2015 года «О государственном аудите и финансовом контроле» проведен камеральный контроль № объявления: 2344132-1 «РП «Капитальный ремонт моста на участке 1942+200км автомобильной дороги "Самара-Шымкент" Шиелийского района Кызылординской области»» № лота 16722375-ОК1 Работы по ремонту автомобильной дороги на основании жалобы посредством веб-портала государственных закупок.
По результатам камерального контроля установлено(-ы) следующее(-ие) нарушение(-я):
1. Камералдық бақылау жүргізу және әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің 24.04.2018 жылғы №12184 электронды шағымын қарау барысында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2344132-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» жұмысын 115 766 783 теңгеге сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша келесі бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады: 1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы; 2) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің болмауы; 3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы; 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; 5) жұмыс тәжірибесінің болуы. Заңның 21 бабы 2 тармағы 2)-тармақшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық өзіндік ерекшелігі қамтылуға тиіс. Бұл ретте техникалық өзіндік ерекшелік Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға қайшы келмеуге тиіс. Қажет болған кезде техникалық өзіндік ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық өзіндік ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Заңныі 9 бабы 5 тармағына сәйкес, айналысуы үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады. Заңның 27 бабы 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Заңның 27 бабы 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі нысанасына конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында

қабылдамау себептері егжей-тегжейлі сипатталып, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттар көрсетіле отырып, конкурсқа қатысуға берілген өтінімдері қабылданбаған әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат қамтылуға тиіс. Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы ресімделмейді. Заңның 27 бабының 4 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді. Осы Заңның 6-бабын бұзған әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді. Заңның 27 бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағына сәйкес біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратуға құқылы. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы баптың 4-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімде жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрау салу жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді қабылдамауына жол бермейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай – Қағида) 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады. Қағиданың 5-қосымшасы (біліктілік туралы мәлімет) ескертпесінің 1 тармағына сәйкес, осы қосымшаның 3 және 4-тармақтарының талаптары құрылыс (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылысы жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік

талаптарына сәйкес келеді деп танылады. Электрондық конкурс бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімі 21.02.2018 – 11.03.2018 жылдар аралығы. Ал, толықтырылған өтінімдерді қабылдау мерзімі 27.03.2018 – 30.03.2018 жылдар аралығы. 27.03.2018 жылғы №2077601 санды алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-не келесі ескертпелер жасалынған: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді». 18.04.2018 жылғы №2154881 санды қорытындылар хаттамасында «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС келесі негіздемелер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмеген: «Конкурстық комиссиямен ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 27-бабының 5-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында, тиісті заңды тұлғадан қажетті ақпарат сұратылып, нәтижесінде «Строй модуль-Астана» ЖШС-нің 13.04.2018 жылғы №22 ақпаратына сәйкес осы конкурс бойынша ілінген, әлеуетті өнім беруші «Стандарт ойл КЗО» ЖШС-нің біліктілік талаптары туралы №5-қосымшасында көрсетілген «Строй модуль-Астана» ЖШС-гі мен «Стандарт ойл КЗО» ЖШС-гі арасындағы 19.01.2018 жылғы №7 «Катки дорожные самоходные гладкие 2Yj6x8» техникасын жалға алу туралы келісім-шарты жасалмағаны анықталды, ол туралы хаттың электрондық көшірмесі қоса тіркелді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші «Стандарт ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде ұсынылған құжаттар бойынша дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі анықталған болып есептеледі». Дегенмен, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2344132-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімі бойынша негізсіз шешім қабылданғандығы анықталды. Атап айтқанда: 1) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімі қорытынды хаттамада алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілмеген негіздер бойынша конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілген; 2) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС конкурстық өтінімінде электрондық конкурстың талабына сәйкес II категориялы Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензиясын ұсынғандықтан, Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес материалдық және еңбек ресурстарына ие деп танылуға тиіс; 3) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС конкурстық өтінімінде «Строй Модуль-Астана» ЖШС-нен жалға алынған (19.01.2018 жылғы №7 шарт) техникаларды 04.03.2018 жылы веб-порталға салғанымен, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Строй Модуль-Астана» ЖШС-не 19.01.2018 жылғы №7 шарттың жасалғандығын растау бойынша сұранымды 05.04.2018 жылы жіберген. Ұйымдастырушының аталған әрекеті мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына қайшы келеді. Себебі, Заңның 27 бабы 5 тармағында конкурстық комиссия сұрау салуды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарау кезінде жүзеге асыратындығы көрсетілген. Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС конкурстық өтінімін жұмыс тәжірибесі бойынша сәйкестендіруге келтіргендіктен, конкурстық комиссия сәйкестікке келтірілген құжаттар (жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар) бойынша сұрау жіберуге құқылы. Яғни, ұйымдастырушының 05.04.2018 жылғы №159 санды сұрау хаты негізсіз жіберілген болып табылады; 4) Ұйымдастырушымен, 19.01.2018 жылғы №7 техникаларды жалға алу шартының жасалмағандығын растайтын «Строй Модуль-Астана» ЖШС-нің 13.04.2018 жылғы №22 санды хатында заңды тұлғаның мөрі болмасада, Қазақстан Ресбуликасының мемлекеттік сатып алу веб-порталына салынып, әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің конкурстық өтінімін қабылдамауға негізге

алған; 5) Әлеуетті өнім беруші «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-нің шағымының қосымшасында келесі хаттар ұсынылған: «Строй Модуль-Астана» ЖШС-не 20.04.2018 жылы жазылған №47-18 санды хат және «Строй Модуль-Астана» ЖШС-нің 23.04.2018 жылғы №23 санды жауап хаты. Аталған жауап хатта «Строй Модуль-Астана» ЖШС 19.01.2018 жылғы №7 техникаларды жалға алу шартының жасалғандығын растайтынын және электрондық конкурстың комиссия мүшелеріне 12.04.2018 жылы №21 хатпен шарттың жасалғандығын растайтыны жөнінде хат берілгендігін көрсеткен. Осыған байланысты, «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен №2344132-1 «Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Самара-Шымкент» автомобиль жолының 1942+200 км учаскесіндегі көпірді күрделі жөндеу» ЖЖ» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

По результатам камерального контроля, установлены нарушения, подпадающие под профиля рисков камерального контроля:

Профиль риска №5

На основании вышеизложенного, выявленные нарушения подлежат устранению в соответствии с приложением 2 Правил.